



ТАРИХИ ЭТНОЛОГИЯ

Мәдени артефакт дегеніміз не?





Мақсаты. Бұл лекцияда біз мәдениетті артефакт ұғымының мәнін талдау арқылы қарайтын боламыз. Біз артефактілердің қалыптасуы арқылы әлемнің мәдени бейнесін қалай қалыптастыратындығын және артефактіні қабылдаудың перцептуалды (яғни қабылдау, сезім мүшелерінің объективті болмысын тікелей көрсету) және мотивациялық компоненттерін қалай қалыптастыратынын білеміз.

Негізгі идеялар

1. Сонымен мәдениет объектіні артефактқа айналдырады.

Адамның өзі бала кезінен - артефакт. Өйткені, мәдениет нәрестенің психикасына еніп, туған сәттен бастап оған әсер етеді. Жаңа туған нәресте дүниеге келгеннен бастап, мәдениетпен байланысты әртүрлі манипуляцияларға ұшырайды: мәдениетте қабылданған тәртіппен өмір сүреді. Мәселен, тіпті бас сүйегіндегі кемшіліктердің өзін де халықта қалыптасқан дәстүрлі іліммен түзетіледі. Қазақтар баланың басы не мойны қисық болғанда, туыла салысымен майлап, уқалау арқылы түзететін болған. Сондай ақ бала шала туылған жағдайда бас киімге салып, бала ет алғанша жоғарыда, қараңғыда ұстайтын болған. Бұл қазіргі бала шала туылған жағдайдағы инкубацияда ұстауы сияқты іспеттес. Осы мәдениетте қабылданған сұлулық нормаларына сәйкес баланы орайды. Мәселен, біздің мәдениетімізде қыздар қызғылт жөргекте, ал ұл бала көк түсті жаялыққа оралады. Ал, қазақтарда баланың жасы ұзақ болсын деп, үлкен кісінің көйлегіне не дамбалына орау, не болмаса құралып өссін деп құрақ көрпеге жатқызу, т.с.с. кездеседі. Сонымен, бала туыла салысымен бірден мәдениеттің нысанына айналады. Және ол мәдени манипуляциялар жүзеге асырылатын мәдениет нысанына айналғандықтан, өзінің алғашқы тынысынан бастап ақ артефактіге айналады.

Бұл баланың сыртқы әлемді қабылдауына, қабылдау жүйесі, ойлау, эмоционалдық жүйенің қалыптасуы және т.б.өзінің ізін қалдырады. Сондықтан мәдениет адам психикасының қалыптасу құрылымына әсер етеді.

2. Мәдениетті «маңызды жүйелер» кешені ретінде анықтау.

Сыртқы материалдық әлемнің нысанын артефакттарға қалай айналдырамыз? Бұл сыртқы әлемнің нысаны біздің психикамызда «маңызды жүйеге» айналғанына байланысты болады. Мұнда материалдық немесе идеалды мәдениетті жасаудың ұқсастығын келтіруге болады. Осындай жағдай біздің психикамызда қалыптасқан «маңызды жүйенің» нысанына көшу жағдайында орын алады. Бұл барлық кезде белгілі бір нысанға біз назар аударған кезде орын алады.

Егер біз орманда тырбиған ағашты байқасақ, ол сол тырбиған қисық ағаш ретінде ойымызда тұрады да біз оны артефактіге айналдырамыз, өйткені біздің басымызда тырбиған ағаш не екені жөнінде түсінік тұрады, оны антропологиядағы «когнитивті схема» бойынша түсіне аламыз, яғни оның өсіп өнуіндегі белгілі бір кемшіліктер орын алғаны белгілі. Бұл дегеніміз, біз басқа да заттармен қатар тырбиған ағаштың орнын білеміз, мұнан басқа белгілі бір жағдайларда оны қалай қолдануға болатынын білеміз, мысалы: дiңгек, өзін-өзі қорғау құралдары, отын немесе отыратын орын ретінде қолдануға болатынын білеміз. Сондай-ақ, біз қисық ағаштың неге мүлдем жарамсыз екенін білеміз. Заттың танымдық схемамен және оған қосымша «маңызды жүйемен» ғана үйлесуі кез келген нысанды біз үшін мәдени, маңызды нысан жасайды. Сондықтан біз мәдениетті бізге белгілі бір ойлар, эмоциялар, қызметтің себептерін тудыратын «маңызды жүйелер», ақыл-ой құндылықтары жиынтығы ретінде анықтай аламыз. Мұның бәрі, өз кезегінде, мәдениет элементтері де біздің психикамызда «танымдық схемалар» нысандарымен қатар қалыптасқандықтан «маңызды жүйелер» болып табылады. Әрине, барлық эмоциялар немесе ынталандырулар мәдени элементтер болып табылмайды, тек маңызды деп санауға болатын нәрселер ғана. Қалғандары ақыл-естен ауытқаушылық ретінде де қарастырылуы мүмкін. Ақылсыздың мінез-құлқы мәдениеттен тыс жатыр, себебі онда мәдени мағыналы байланыстар бұзылған. Біздің әрқайсымыздың ақыл-ойымызға қатысты немесе іс-әрекеттерімізге байланысты мәдени көрінісіміз көптеген мүмкіндіктерді білдіреді, оны антропологияда «мәдени шеңберлер» деп атайды.

3. Мәдениетте барлық «маңызды жүйелер» реттелген, бір-бірімен және адамзатпен үйлестірілген.



Мәселен, мәдениетте барлық «маңызды жүйелер» бір-бірімен реттелген, сондай-ақ әлемді қабылдайтын және оған әсер ететін адаммен салыстырылады.

Сұрақ - осы құрылымның негізінде қандай қағидалар жатыр. Өйткені әрбір мәдениет үшін, кейінірек мәдениет бір-бірінен көп ерекшеленетініне қарамастан, өздерінің қайталанбайтын қағидалары болады. Енді өзімізге сыртқы әлемнің шындықтары ішкі психикалық мәдени шындықтарға, «маңызды жүйелерге» қалай айналады деген сұрақ қояйық. Мұнда Рой Д'Андрадтың «материалдық ағымы» түсінігі бізге көмектеседі, онда біз оған көп назар аудара бермейміз, ол біздің санамыздан тыс жатқан барлық құбылыстарды қамтиды. Мүмкін Д'Андред өзінің тұжырымдамасын соншалықты кең түсінбеген шығар, бірақ мәні бойынша «материалдық ағым» дегеніміз бір немесе бірнеше себептерге байланысты әзірше артефактіге айнала қоймаған құбылыстарды қамтиды, яғни олар мәдениетте қатыса қоймаған. Өйткені, адам қабылдауы үшін құбылыс артефакт болуы керек, сонымен бірге өзінің «маңызды жүйесін» алып - санада көрініс табу керек, сондай ақ мәдениетке ену қажет. Мәдениет, «әрекет ету алаңы» болып табылады және дұрыс, ықтимал және ауытқу әрекетінің негізін қалайды. «Материалдық ағын» элементі, «мәдени іс-әрекет өрісінің» құрамдас бөлігі болу үшін, біздің санамызда белгілі бір ақыл-ой іс-әрекеттерінен өтуі керек. Сонымен қатар, «материалдық ағынның» кейбір компоненттері адамның қабылдауынан тыс қалады, өйткені ол «интенционалды әлемнің» (философиялық тұжырымдама, яғни адам санасының негізгі қасиеті: қандай да бір нысанға бағытталуы керек) сыртында жатыр.

4. Мәдени және кросс-мәдени психологиялар арасындағы айырмашылықтардың мәні.

Бұл ішкі психикалық шындыққа яғни «маңызды жүйелерге» айналу үшін, сыртқы әлемнің шындықтары «материалдық ағыннан» іріктеліп, интенционалды шындыққа айналуы керек. Егер солай болса, барлық адамдар бірдей психикаға ие деп айтуға болады ма?

Біз бұрынғы лекциялардың бірінде мәдени және мәдениетаралық психология арасындағы іргелі айырмашылық туралы айтқан болатынбыз. Егер мәдениетаралық психология батыстық емес мәдениет өкілдерін зерттеу арқылы позитивтік психологияның эмпирикалық базасын кеңейтуді қаласа, мәдени психология жалпы психологияның барлық алғышарттарына қарсы бағытталды. Ақыл-парасат мәдени психологияға сәйкес, тарихи өзгеруінен және интенциональдық әлемнің мәдени көптүрлілігінен бөліне алмайды, оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Психологтар, психологияның бірлігі немесе көптүрлілігі мәселелерін мәдениеттанушылар мен антропологтарсыз толықтай түсіндіре алмайды. Әлбетте, адамның табиғаты бір және барлық адамдардың психологиялық құрылымы ұқсас. Бірақ мәдени психологтар өз ойларын бір-біріне мүлдем ұқсамауы мүмкін мәдени -құрастырылған әлем негізінде қалыптастырады.

Адамдар мүлде басқа шындықта өмір сүреді: демек, олардың сана-сезімі де әртүрлі, құрылымы да әртүрлі. Әрине, мәдениаралық психологтармен дауласуда мәдени психологтар көп жағдайда дұрыс пікір білдіреді.

Біріншісі іргелі сұрақтардың шектеулі санына адамның шектеулі жауап түрлері бар адамның психологиясын көрсетеді, мысалы, тек ұжымдық және даралылық болуы мүмкін. Бұл негізінен дұрыс емес.

Этномәдени зерттеулер бұл екі ұғым бірде-бір мәдениетті сипаттай алмайтындығын көрсетеді, өйткені мәдениет даралықпен не ұжымданумен ерекшеленбейді. Алайда, қандай салаларда және қандай түрде оларда даралық, ал қай салаларда ұжымдық байқалады, белгілі бір халықтардың өмір салтының қандай саласы реттелген, қай салалары бей-берекет, ыңғайсыз, қайсысы қолайлы, қалыпты екендігін көрсетеді. Бұл әртүрлілік ерікті және біршама бей-берекет болып көрінеді. Оны барлық мәдениеттердің бірлігі тіпті әртүрлі деңгейде екендігін ұғындыратын этномәдени зерттеулер арқылы түсіндіруге болады.

5. Сыртқы әлемнің шындықтары ішкі психикалық мәдени шындыққа қалай айналады?

Егер біз әдеттегі сөздерден нақтылыққа келсек, сыртқы әлемнің шындықтары ішкі психикалық мәдени шындыққа қалай айналады?

«Материалдық ағынның» элементтерінің бір бөлегі тарату (трансмиссия) үдерісінде сол жолды автоматты түрде өтеді. Бала өзінің әлеуметтенуі жағдайында, белгілі бір «оқиғаға негізделген мәдени



қойылымдарды» меңгереді, ал осы мәдени қойылымдарды меңгеру үдерісінде – олардың құрамдас бөлігі: жекелей артефактілерден және олардың кешендерінен мәдени схемаларға, әрекет модельдеріне дейін меңгереді. Басқаша айтқанда, бала өз уақытында ашылған барлық мәдени схемаларды қабылдайды.

Балалар басқа адамдармен бірге «интерпсихикалық» (жеке тұлғааралық) өзара қарым-қатынасқа қалай тартылады, бұл өзара әрекеттестік бірте-бірте олар үшін «интрапсихикалық» (ішкі психикалық, психологиялық меңгерген) немесе «ішкі» («интериоризированным») болады.

6. Сценарийлерді меңгеру мәдениетті игеруде маңызды рөл атқарады.

Кэтрин Нельсонның айтуынша, балаларды әлеуметтендіру үдерісінде ересектер оларды бір нәрсеге тікелей үйреуге емес, олардың әрекеттерін жиі бағыттап, мақсаттар қояды. Олар, балалармен байланысқа түсе отырып, өздерінің біліміне және мәдени сценарийлер түсінігіне негізделе отырып, балалардың әрекетіне белгілі бір шектеу қояды. Ересектер балаларды белгілі бір мәдени сценарийге сәйкес, күтілетін рөлдік мінез құлыққа кіруге мәжбүр етеді.

Осылайша, сценарийлерді меңгеру, мәдениетті игеруде басты рөл атқарады. Бұл жағдайда барлық мәдени контексті меңгерген сценарийлерді таңдауды және пайдалануды анықтайды. Мәдени сценарийлерді игеру арқылы бала айналасындағы артефактілерді, өзара әрекеттесу үлгілерін, айналасындағы идеалданған мазмұнды, мәдени іс-қимыл бағытын және ол өмір сүретін интенциональды әлемді игереді. Ия, балалар өздері әлемге кіріп, мәдениет нысандары, артефактілері, бола алады, деп жазды, Майкл Коул. «Материалдық ағын» элементтерінің тағы бір бөлігі мәдениетке жататын кейбір тұрақты мәдениеттің қабылдау кешені арқылы (біз кейінірек талқылайтын) меңгереді, яғни мәдениетпен байланысты шеңберде өтетін адамның қабылдау үрдісін үйлестіреді не түзетеді. Осы тұрақты кешендер арқылы нысан не құбылыс адам ойлауында репрезентация алады, яғни артефактке айналады.

7. Біз мәдениеттің азды көпті ұйымдасқан тәжірибе туындыларынан тұратындығын көріп отырмыз.

Біріншіден, адам әртүрлі мәдени сценарийлерге қатыса отырып, белгілі бір қабылдау тәсілін «үйренеді», ал қабылдау мен әрекетті өзара тығыз байланысты үдерістер ретінде қарастырылуы керек. Екіншіден, тұрақты қабылдау кешенінің өзі артефакт ретінде қарастырылуы мүмкін. Адамның еркін тәжірибе негізіндегі әлеуметтік-мәдени қызметін реттейтін өзіндік психикалық үдерістер бола отырып, олардың өздері адамның мәдени қызметінің нәтижесі болып табылады және адам психикасының мәдени негізіндегі элементтері ретінде ұсынылуы мүмкін. Үшіншіден, құрылымын және ішінара мәдениеттің мазмұнын анықтайтын кешендер, әдетте, бейсаналық болып қалады, өйткені басқаша айтқанда адам мәдениетті өзі үшін салыстырмалы түрде оңай және еркін түрде, сондай ақ мәдени сценарийлерді де құрастырып алуы мүмкін.

8. Сонымен, біз қабылдау кешендері артефактілер деп есептейміз.

Сонымен, қабылдау кешендері артефактілер болып табылады, және тұрақты қабылдау кешендерінің өзі артефакті ретінде қарастырылады деп айтамыз.

Адамның әлеуметтік-мәдени қызметін реттейтін өзіндік психикалық үдерістер бола отырып, олардың өздері адамның мәдени қызметінің нәтижесі болып табылады және мәдени - байланыстағы адамның психикасының бейсаналық элементтері ретінде ұсынылуы мүмкін. Адам мәдениетке, дәлірек айтқанда, оның әртүрлі сценарийлеріне қатыса отырып, қабылдаудың белгілі бір жолын «үйренеді», өйткені қабылдау мен әрекет өзара тығыз байланысты үдерістер ретінде қарастырылуы керек. Осылайша, мәдениеттің құрылымын- құраушы кешендер әлемдегі адам қызметінің сипатын анықтайтын қабылдау парадигмалары деп пайымдауға болады. Бұл парадигмалар адамға қатысты тікелей мәдени артефактілермен және жеке тұлға көзқарастарымен үйлеседі.

9. Когнитивті антропологтар мен мәдени психологтар артефактілерді әрекетті ынталандыратын психикалық құбылыстар ретінде көрсетеді.

Біз де солай етеміз, бірақ біз осы тәсілді тереңдетуге тырысамыз. Мұны істеу үшін артефакт ұғымын «орнату» ұғымымен салыстырамыз. Ол үшін Лев Семенович Выготскийдің «субъект - еңбек құралы -



нысан» деп аталатын үшбұрышты тұжырымдамасын келтірейік, оны Майкл Коул «субъект-артефакт-нысан» деп қайта түзеді. Кеңестік ғылымдағы бұл үшбұрышты тұжырымдама Дмитрий Николаевич Узнадзенің шығармаларында көрініс тапты, ол өзінің үшбұрышын: «стимул - әрекетке көшуге (психикалық дайындық) - нысан» ұсынды, бұл да бір жағынан «субъект-орнату-нысан» үшбұрыш концепциясына оңай қайта түзетілуі мүмкін.

XX ғ. 90-шы жылдары Майкл Коул бұл тақырып бойынша толық зерттеу жүргізеді. Бірақ алдымен проблема анық және нақты тұжырымдалуы керек. Бір жағынан, антропология, әлеуметтану және психология арасындағы шекаралар бұлыңғыр көрінеді, оларда «ешқандай айырмашылық жоқ, тұрақты емес, ұтымды негізде түсіндірілмейді», ал екінші жағынан антропология мен психология негізіндегі түпнұсқа парадигмалар түбегейлі үйлеспейді. Көптеген психологиялық антропологтар үшін түрлі мәдениеттердің адамдары әртүрлі психологияға ие. Жалғыз мәселе - бұл айырмашылықтар жалпыға ортақ психологиялық конституцияның нұсқалары немесе басқа психологиялық конституциялар бар ма? Кез келген жағдайда антрополог үшін айырмашылықтар қызықты. Психологтар үшін психология әлемдегі барлық адамдарға қолданылатын жалпы заңдарды шығаратын әмбебап ғылым болып табылады. Ол осы әмбебап заңдардан тыс құбылыстарды мойындамайды. Мәдениет оның көзқарасынан тыс жатыр, егер мәдениаралық зерттеулер барысында психобиологиялық айырмашылықтарды анықтау мүмкін болмаса, онда бұл тақырып психологтарды қызықтыра алмады.

Егер біз дәстүрдегі мәдени психологияның ақыл-ой кешендерінің артефактілер деңгейіне көтерілуін талқылайтын болсақ, онда Узнадзенің идеясындағы «орнату» тұжырымдамасы да артефакт болып анықталуы мүмкін. Узнадзенің айтуынша, қондырғы (орнату) толығымен бейсаналық болып табылады және белгілі бір іс-әрекетке дайындығын білдіретін «тұтас субъект» атрибуты, «тұтастай тұлғаның модусын» білдіреді.

10. Орнату сыртқы әлемнің қабылдауын анықтайды.

Белгілі бір бағытта әрекет етуді орнату орын алған кезде, адам оның ықпалына байланысты сол орнатуға қандай да қатысы бар тек сол нысандар мен құбылыстарды байқайды және ескереді. Нысандар мен құбылыстар орнатуға қатысы жоқ, беймәлім, оны байқамайды. Адамның есіне орнатумен байланысты тек сол ойлар мен сана мазмұны келеді. Тұжырымдама жасаған автор - Шота Александрович Надирашвили - мұнда, негізінен әрекет тудырған қабылдау кешендерінің көмегімен «материалдық ағын» элементтері қалай «маңызды жүйелерге» айналатыны туралы айтады.

Орнату функциясының міндеті - «адам айналасындағыдан шындықты және оның өткен тәжірибесінен нысанның мінез-құлқын жүзеге асыру үшін қажеттіліктерді, сананың мазмұнын, оның тәжірибесі мен жалпы білімін таңдау» болып табылады.

Әрекет пен қабылдау жалпы бір әрекетпен анықталатын біртұтас бірлікте қызмет етеді, бұл өз кезегінде Узнадзенің «тұлғаның модусы» деп атағанымен анықталады. Орнату тұлға мен мәдени алаңның арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Және ол тұрақты, белгіленген тұрақты болуы мүмкін. Егер солай болса, онда тұлғаны орнату мәдениетті «іс-қимыл алаңы» ретінде анықтайтын, көптеген мәдени көріністерден тұр деп айтуға болады. Бейсаналық орнату «материалдық ағынды» «маңызды жүйелерге» бірдеңелерді шығара отырып сүзгіден өткізеді, ал, бұрынғы кейбір нәрселерді «маңызды жүйелер» қайтадан «материалдық ағымдарға» қайтарады.

Сонымен, «маңызды жүйелер» әрекеттің көмегімен «материалдық ағыннан» шығарып алу арқылы жүреді, сондай ақ, мәдени үлгіде негізінен қалыптасқан және әрекет ететін адамның тереңнен бағытталуы: мотивация белгілі бір мәдени үлгіге сәйкес есебі жоқ қажеттілікке айналады. Надирашвилдің айтуынша, бұл қажеттілік тіркелуі мүмкін, ал әрекетті тіркеу үдерісінде жеке тұлғаның белгілі бір бағытта қалыптасуына ықпал ететін заңдар пайда болады. Тіркелгендер осы немесе басқа «маңызды жүйелерді» «синтездеу» бағытына айналады. Мәдениетпен анықталатын адамның шындықты қабылдауы да тіркеледі. Тіркелген әрекет белгілі бір іс-әрекет үшін мотивацияға айналады.

11. Мәдени константалар (тұрақтылар) ұғымы.

Когнитивтік артефактілерді қабылдаудың кешені адамның әлеуметтік-мәдени қызметі арқылы қалыптасады және оны көбіне бейсаналық түрде әрекет ету арқылы өздігінен реттейді. Әрекеттер сол немесе басқа қабылдау моделін, солай бір немесе әрекет үлгісін өмірге әкеледі. Бұл бізге мәдени тұрақтылық деп атайтын перцептуалды-қызметтер кешендерін айтуға мүмкіндік береді.



Кітап: Тарихи этнология

Дәріс: Мәдени артефакт дегеніміз не?

Сонымен, біз мәдени қабылдау мен әрекетке деген бағыт арасындағы байланысты орнаттық. Артефакт біз нысанды қалай көретінімізді және ол қандай әрекетке бізді талпындыратындығын анықтайды. Қорыта келгенде, «материалдық ағыннан» алынған біздің әлем сипатына не кіретінін анықтайтын кейбір перцептивті (бейнелеу)-мотивациялық торда әлемге кіреді. Бұл тор әр мәдениетке тән ерекше қабылдау мен мотивацияның тұрақтылығынан тұрады. Бірақ бұл туралы талдауға бармас бұрын, келесі дәрісте талқыланатын әрі дәлелдеріміздің негізін анықтайтын мәдениет философиясына назар аударайық.

Негізгі терминдер: Артефакті, әлемнің мәдени сипаты, мәнді жүйе, мәдени шеңбер, материалдық ағын, интенциональды әлем, трансмиссия үдерісі, қабылдау кешені, мәдени константылар (тұрақтылар).

Дәрістер тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Абрамян Э.Г. (1978) Инновация и стереотипизация как механизмы развития этнической культуры / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
2. Арутюнов С.А. (1989) Народы и культура: Развитие и взаимодействие. М.: Наука.
3. Бенедикт Р. (2007) Хризантема и меч. Модели японской культуры. М.: Наука.
4. Бенедикт Р. (1997) Психологические типы в культурах Юго-Запада США // Антология исследований культуры. — М.: Университетская книга.
5. Боас Ф. Ум первобытного человека. М.-Л., 1926.
6. Боас Ф. (1997) Границы сравнительного в антропологии // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
7. Боас Ф. (1997) История и наука в антропологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
8. Боас Ф. (1997) Методы этнологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
9. Боас Ф. (1997) Некоторые проблемы методологии общественных наук. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
10. Боас Ф. (1997) Эволюция или диффузия. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
11. Быховская И.М. (2005) Основы культурологии. М.: АCADEMIA XXI.
12. Дейк Т.А. ван. Язык. (1989) Познание. Коммуникация. М: Прогресс.
13. Леви-Брюль Л. (2015) Первобытное мышление. М.: Академический проект.
14. Леви-Брюль Л. (2015) Сверхъестественное в первобытном мышлении. М.: Академический проект.
15. Леви-Брюль Л. (2010) Первобытная мифология. М.: КРАСАНД.
16. Коул М. (1995) Культурные механизмы развития // Вопросы психологии. № 3.
17. Коул М. (1996) Культурно-историческая психология. М. Когито-центр.
18. Культурология. Фундаментальные основания прикладных исследований. (2010) Под ред. И.М. Быховской. М.: Смысл.
19. Культурология. XX век. Энциклопедия. (1998) Под ред. С.Я. Левит.— СПб.: Университетская книга; ООО “Алетейя”.
20. Лурье С.В. (2005) Историческая этнология. Москва: Академический проект.
21. Лурье С.В. (2004) Психологическая антропология. М.: Академический проект.
22. Лурье С.В. (1994) Метаморфозы традиционного сознания. СПб.: Типография им. Котлякова.
23. Лурье С.В. (2017) Культура и ее сценарий: имплицитный обобщенный сценарий как внутрикультурный интегратор // Общественные науки и современность. № 2.
24. Маркарян Э.С. (2014) Избранное. Наука о культуре и императивы эпохи. Санкт-Петербург: Центр гуманитарных инициатив Университетская книга Москва.
25. Маркарян Э.С. (1989) Проблема целостного исследования культуры в антропологии США. // Этнология в США и Канаде. М.: Наука.
26. Маркарян Э.С. (1981) Узловые проблемы теории культурной традиции // Советская этнография. № 2.
27. Маркарян Э.С. (1978) Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных проявлений / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван:



- Изд-во АН Арм. ССР.
28. Маркарян Э.С. (1978) Об исходных методологических предпосылках исследования этнических культур / Методологические проблемы этнических культур. Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
 29. Маркарян Э.С. (1977) Интегративные тенденции во взаимодействии общественных и естественных наук. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
 30. Мид М. (1988) Культура и мир детства. М., Наука.
 31. Надирашвили Ш.А. (1978) Психология пропаганды. Тбилиси: “Мецниереба”.
 32. Прикладная культурология. Энциклопедия. (2019) Сост. и науч. редактор И.М. Быховская. М.: ООО «Издательство «Согласие».
 33. Режабек Е.Я., Филатова А.А. (2010) Когнитивная культурология. СПб., Алетейя.
 34. Узнадзе Д.Н. (1961) Экспериментальные основы психологической установки. Тбилиси: Издательство АН Гр. ССР.
 35. Чистов К.В. (1981) Традиция, «традиционное общество» и проблема варьирования // Советская этнография. № 2.
 36. Флиер А.Я. (2009) Культурология для культурологов. М., МГУКИ.
 37. Флиер А.Я. (1995) Культурогенез. М.: Российский институт культурологии.
 38. Эйзенштадт, Ш. (2010) Срывы модернизации. // Неприкосновенный запас. № 6.
 39. Эйзенштадт, Ш. (1999) Революция и преобразование обществ. М., «Аспект-Пресс».
 40. Ш. Эйзенштадт. О неопределенности термина «традиция». (Электронный ресурс). <https://cyberpedia.su/3x6f1f.html>
 41. Barrett S. (1984) The Rebirth of Anthropological Theory. Toronto, Buffalo, L.: Univ. of Toronto Press.
 42. Bock Ph.K. (1980) Continuities in Psychological Anthropology. San Francisco: W. H. Freeman and Company.
 43. Boesch E. (1991) Symbolic Action Theory and Cultural Psychology. Berlin, Heidelberg, NY, L., Paris, Tokyo, Hongkong, Barselona, Budapest: Springel-Verlag.
 44. Benedict R. (1934) Patterns of Culture. Boston and New York: Houghton Mifflin Company.
 45. Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. (1984) Shweder R., LeVine R. (eds.) Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 46. D’Andrade R. (1995) The Development of Cognitive Anthropology. New York: Cambridge University Press.
 47. D’Andrade R. (1992) Cognitive Anthropology. In: New Direction in Psychological Anthropology. Schwartz Th., White G. M., Lutz C. A. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
 48. D’Andrade R. (1992) Schemas and Motivation. In: D’Andrade R., Strauss C. (eds). Human Motive and Culture Models. Cambridge: Cambridge University Press.
 49. D’Andrade, R. (1984) Cultural Meaning Systems. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 50. D’Andrade R. (1981) The Culture Part of Cognition // Cognitive Science. № 5.
 51. Dubois C. (1944) The People of Alor: a Socio-Psychological Study of an East Indian Island. Minneapolis: University Minnesota Press.
 52. Duijker H.C.J., Frijda N.H. (1960) National Character and National Stereotypes: Confluence. Amsterdam: North-Holl Publishing Company.
 53. Eisenstadt Sh. (2006) The Great Revolutions and the Civilizations of Modernity. Brill.
 54. Eisenstadt Sh. (2004) The Civilizational Dimension of Modernity (англ.) In: S.A. Arjomand, E.A. Tiryakian. (eds.) Rethinking Civilizational Analysis. Sage Publication Ltd.
 55. Eisenstadt Sh. (1992) Frameworks of the Great Revolutions: Culture, Social Structure, History and Human Agency // International Social Science Journal. Vol. 44. № 133.
 56. Eisenstadt Sh. (1973) Tradition, Change, and Modernity. New York, Sydney, Toronto: John Wiley.
 57. Ewing K. (1992) Is Psychoanalysis relevant for Anthropology. In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) New Direction in Psychological Anthropology. Cambridge University Press.
 58. Geertz C. (1984) “From the native’s point of view”. On the Nature of anthropological Understanding. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.



59. Harkness S. (1992) Human Development in Psychological Anthropology, In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) New Direction in Psychological Anthropology. Cambridge University Press.
60. Holland D. (1992) The Woman who Climbed up the House: Some Limitations of Schema Theory. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
61. Human Motive and Culture Models. (1992) D'Andrade, R., Strauss, C. (eds). Cambridge: Cambridge University Press,.
62. Jahoda G. (1981) Psychology and Anthropology. A Psychological Perspective. L., NY etc: Academic Press.
63. Inkeles A. (1997) National character. Transaction Publishers.
64. Inkeles A., Levinson D. (1969) National Character: The study of Modal Personality and Sociocultural Systems. In: Lindzey C. and Aronson E. (eds.). The Handbook of Social Psychology. Vol. IV. Massachusetts (Calif.), London, Ontario: Addison-Wesley.
65. Kardiner A., Lipton R. (1945) The Individual and His Society. New York: Columbia University Press.
66. LeVine R. A. (1984) Properties of Culture. An Ethnographic View. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
67. Lourie S. V. (2017) The Revival of Psychological Anthropology: a New Understanding of Interrelation Between Cultural and Psychological By Virtue of Cognitive Anthropology and Cultural Psychology. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences V. 10, № 7.
68. Lourie S. V. (2016) Culture as a field of human action (The experience of constructing a theory of cultural constants and implicit generalized cultural script) // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. V. 9, № 4.
69. Markarian E.S. (1992) Tradition as an Object of System Study // World Futures. V. 34.
70. Markarian E.S. (1998) Capacity for World Strategic Management. Yerevan: Gitutgun.
71. Mead M. (1959) An anthropologist at work: Writings of Ruth Benedict. — Boston: Houghton Mifflin Company.
72. Miller J. (1993) Theory of Developmental Psychology. NY: Freeman.
73. Nelson K. (1981) Cognition in a Script Frammework. In: J.H. Flavell and L. Ross (eds.) Social Cognitive Development. Cambridge: Cambridge University Press.
74. New direction in Psychological Anthropology. (1992) Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
75. Norman D. (1975) Explorations in cognition. San Francisco: Freeman.
76. Redfield R. (1956) Peasant Society and Culture: An Anthropological Approach to Civilisation. Chicago.
77. Romney A., Weller S., Batchelder W. (1986) Culture as Consensus: A Theory of Culture and Informant Accuracy // American Anthropologist. № 88.
78. Rouce A.P. (1982) Ethnic Identity: Strategies of Deversity. Bloomington.
79. Schwartz Th. (1992) Anthropology and Psychology. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
80. Schwartz Th. (1989) The Structure of National Cultures. In: Funke P. (ed.) Understanding Of USA: A Cross-Cultural Perspective. Tubengen: Gunter NarrVerlal.
81. Schwartz Th. (1978) Where is the culture? In: Spindler G (ed.) The Making of Psychological Anthropology. Berkeley: University of California Press.
82. Shils E. (1961) Centre and Periphery // Polanyi M.(ed.). The Logic of Personal Knowledge: Essays. London: Routledge & Kegan Paul.
83. Shils E. (1981) Tradition. London; Boston.
84. Shore B. (1991) Twice-Born, Once Conceived: Meaning Construction and Cultural Cognition. // American Anthropologist. Vol. 93, No 1, March
85. Shweder R. (1991) Thinking Through Cultures. Cambridge (Mass.), London (England): Harvard University Press.
86. Shweder R. (1990) Cultural psychology – What is it? In: Stigler J., Shweder R., Herdt G. (eds.) Cultural psychology: Essays on comparative human development, New York: Cambridge University Press.
87. Shweder R. (1984) Anthropology's Romantic Rebellion against the Enlightenment, or There's more to Thinking than Reason and Evidence. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.



Кітап: Тарихи этнологія

Дэрыс: Мэдэні артефакт дэгеніміз не?

88. Simon H. (1981) *Sciences of the artificial*. Cambridge, MA: MIT Press.
89. Skinner Q. (1985) *The Return of Grand Theory in the Human Sciences*. Cambridge University Press.
90. Spiro M. (1984) Some reflections on Cultural determinism and relativism with Special Reference to Emotion and Reason. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
91. *The Making of Psychological Anthropology*. (1978) Spindler G. (ed.) Berkeley: University of California Press.
92. White G., Lutz C. (1992) Introduction. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
93. White G. (1992) *Ethnopsychology*. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
94. Wartofsky, M. (1979) *Models Representation And The Scientific Understanding*. Dordrecht: Holland / Boston: USA / L.: England: D. Reidel Publishing Company.